



ЕРТЕҢ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІ

2018 жылдың 14 ақпанында сағат 11.00-де Қызылорда қаласы, Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың 2017 жылдың қорытындысы бойынша халық алдындағы есепті кездесуі өтеді.

Осы орайда, облыс басшысының халық алдында жылдық есеп беру жиынына шақырамыз! Есепті кездесуге байланысты Қызылорда қаласында және барлық аудандардағы ауылдық округтер мен кенттердегі әкімдердің аппараттарында халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер орналасқан. Сондай-ақ, сауалдарыңыз болса, алдын ала күнделікті сағат 9.00-19.00 аралығында 400-100 «Call-центр» нөміріне хабарласуға және www.400-100.kz сайты арқылы жолдауға болады. Облыс әкімінің есепті кездесуі «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы «Қызылорда облысының әкімдігі» парақшасынан және «www.youtube.com» интернет желісі арқылы тікелей эфирден көрсетілетін болады.

Есепті кездесуге байланысты халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған.

АРАЛ АУДАНЫ БОЙЫНША:

Аудан әкімі аппараты, Арал қаласы әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйінің ғимараттары. Қазылы ауданы бойынша: Әйтеке би кенті мен Қазылы қаласы әкімі аппараттарының, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, Халыққа қызмет көрсету орталығы, Қазылы теміржол вокзалы, «Гапал» автостанциясы, «Ырыс-Болашақ» базары, Қазылы қалалық мәдениет үйі ғимараттары.

ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША:

Жосалы кенті әкімінің аппараты, теміржол вокзалы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі ғимараттары.

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША:

Аудан әкімінің аппараты, Жалағаш кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық емхана, №202 орта мектеп ғимараттары.

СЫРДАРІЯ АУДАНЫ БОЙЫНША:

Тереңөзек кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық орталық аурухана, Сырдария аграрлы-техникалық колледжі, №35, №36, №210 және №131 орта мектептердің ғимараттары.

ШИЕЛІ АУДАНЫ БОЙЫНША:

Аудан әкімінің аппараты, Шиелі кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, мемлекеттік кірістер басқармасы, теміржол вокзалы ғимараттары.

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ БОЙЫНША:

Аудан әкімінің аппараты, Жаңақорған кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы ғимараттары.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША:

Теміржол вокзалы, автовокзал, әуежай, М.Ераліева атындағы мәдениет үйі, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, «Жайна», «Универсам», «SMALL», «Сырдария» сауда үйлері, «Жаңа базар» ғимараттары.

Ескертпе: Барлық аудандарда және Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттердегі әкімдердің аппараттарында халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер орналасқан.

Кеңейтілген отырыс

АЙМАҚТЫҢ ДАМУ БАҒЫТЫ АЙҚЫН

Кеше Қызылордада облыс әкімдігі, облыстық мәслихат, «Нұр Отан» партиясы филиалының саяси кеңесі және облыстық қоғамдық кеңестің бірлескен кеңейтілген отырысы өтті. Онда облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жыл бойғы жұмысты саралап, алдағы міндеттерді айқындады.

Жиынның бұл жолғы форматы бөлек. Облыс әкімі осыған дейін жетекші партия филиалының саяси кеңесі мен облыстық қоғамдық кеңес алдында есеп беріп келгені белгілі. Биыл қатарға облыс әкімдігі мен облыстық мәслихат қосылып, шенбері кеңейді. Төртжақты отырыста аймақ басшысы былтырғы ғана емес, облыста 5 жыл ішінде атқарылған істерді шолып өтті. Жоспарланған жұмыстарды сараптап, өзекті мәселелерді шешу жолдарын бірлесіп талқылауды ұсынды.

– Бес жыл бұрын Мемлекет басшысы ел

дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарын айқындаған Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын жариялаған болатын. Осы стратегияға сүйене отырып, біз Қызылорда облысының 2020 жылға дейінгі дамуының басым бағыттарын айқындадық. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмалары негізінде жыл сайын облыс әкімінің іс-қимыл жоспары бекітіледі. Аймақтағы барлық мемлекеттік орган соның негізінде жұмыс істейді, – деді облыс әкімі.

Елбасы жүктеген индустрияландыру

арқылы экономиканы әртараптандыру міндетін Сыр елі 2013 жылдан бері жүзеге асырып келеді. Мұнай мен уран өндіру көлемінің кемуіне байланысты бір ғана көрсеткіштен басқасында оң динамика орнады. 8 мемлекеттік, 5 үкіметтік бағдарлама толығымен орындалды. Бес жылдағы белсенді тіріктің арқасында аймақ экономикасы мұнай мен уран бағасына тәуелсіз өмір сүре алатынын дәлелдеді.

Осы уақыт аралығында облыста 50-ден астам өнеркәсіп ошағы бой көтерсе, соның 16-сы – орта және ірі кәсіпорындар. Биыл шыны, тампонажды цемент, үш окись молибден өндірісі іске қосылды. Одан бөлек, жаңа технологияға негізделген, экспортқа бағытталған бірқатар зауыт құрылысын бастау жоспарланып отыр.

Әлеуметтік сала – әрдайым басты назарда. Республиканың басқа өңірлеріне қарағанда біздің облыста білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларын дамытуға көп қаржы бөлінеді. Соңғы 5 жылда 200-ден астам әлеуметтік нысан іске қосылды.

Жұмыссыздық мәселесін шешудің, салық базасын кеңейтудің, қоғамдық тұрақтылықты сақтаудың басты кілті – шағын және орта бизнесті дамыту екенін Президент үнемі айтып келеді. Осы орайда есепті кезеңде кәсіпкерлікпен қамтылғандар үлесі 22%-тен 26%-ке, ал жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны соңғы жылы 5,2%-ке көтерілді.

2-бет

«Цифрлық Қазақстан»

ДАРЫНДЫЛАРДЫҢ ЖАРҚЫН ДӘУІРІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өткен жылдың аяғында жастар арасында өткен «HackDay-2017» идеялар фестиваліне қатысушылармен кездесті.

Жиында облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Индира Ақжігітбаева IT саласындағы стартап жобасы жетекшілерін таныстырып өтті.

Аймақ басшысы мен жастардың кездесуінде 13 жоба ұсынылды. Мұндағы телефон арқылы демалыс орындарын анықтау, мобилді қосымшалар көмегімен қайырымдылық істерімен айналысу, туризмді дамыту, әуе, теміржол және автобустардың жүру кестесі мен билет бағасы жайлы білу, «Ақылды аялдама» 3-D визуалды жобасы, кириллицадан латынға ауысу онлайн жүйесі өміршең бастамалар. Сонымен бірге жастар газ анализаторы



рын ойлап тапқан. Үйден газ иісі шыкса, ұялы телефонға хабар түсіп, нәтижесінде қауіптің алдын алуға болады. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі жандарға таптырмас құрылғы смарт-палата жобасы бар. Онда смартфонға қондырылған басқару жүйесі арқылы науқастың ауруын нақтылай алады. Емін белгілеп, ескертуді ұмытпайды. Мәселен, «Мүрагер» мектебінің оқушысы Евгений Демиденко «Біздің елде кинематография саласы енді дамып келеді. Ал, шетелдік «Дисней» секілді компаниялар өнімдері жоғары деңгейде. Бірақ мен осы мәселені түзегім келеді. 3D-4D анимациялық технологиялар көмегімен жаңа идеяларды жүзеге асырсам деймін. Жақында Оңтүстік Кореяда өткен байқауда төртінші орын алдым. Бұл әлемдік деңгейде жоғары көрсеткіш деп есептеймін. Алда жоспарлар көп. Оны іске асыру үшін тынбай еңбек етемін», – деді жас талант.

Аймақта алғаш рет өткен «HackDay-2017» идеялар фестиваліне қатысушылар қатары көп болды. Мұнда 24 сағат ішінде қатысушылар жаңа идеялармен бөлісті. Жалпы, «HackDay» идеялар фестиваліне 488 жас қатысты. Жастар аппараттық технологиялар, кино және видео, контент және медиа секция бойынша сайысқа түсті.

Жиында аймақ басшысы IT технологияны игеремін деген жасқа қолдау жасалатындығын жеткізді. Осы бағыт бойынша қызылордалық студенттер Мәскеу және Санкт-Петербург қаласының жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Барлық ұтымды жобаларға маңызды мәселелерге, цифрлы технологияны дамытуға және қолдауға мүмкіндіктер қарастырылады.

Сара АДАЙБАЕВА.
«Сыр бойы».

Шаттық



Жаңа қоныс – жан жылуы

«Үй болмай күй болмайды» деген рас. Бәрінен бұрын басқа көршілерім сияқты мені де құлау қаупі бар үйде тұратынымыз қатты алаңдатады. Өйткені астынан ыза теуіп, қабырғасы мүжіліп, іргесі шөге бастаған еді.

Балаларымның несібісі шығар, былтыр осы қиындықтан біржола құтылдық. Қаланың Титов қыстағында салынған 60 пәтерлі көпқабатты үйден бізге де бір пәтер бұйырып, жаңа жылды жаңа баспаналы қарсы алған жайымыз бар. Бұған балаларым қатты қуанды. Қабырғасы қаусған үйде – үрей құшағында өткізген күндерімізді осы бір қуанышты сәт жуып-шайып кеткендей. «Өз үйім – өлең төсегім» дегенді енді түсінгендей болдық. Қазір тұрып жатқан жеріміз жайлы, жылы әрі еңселі. От жақпаймыз, суы үзілссіз ағып тұр.

Ақпарат құралдарынан естіп-біліп жүрміз, облыстағы апатты үйлер мәселесі толығымен шешілген екен. Облыстың еліміз бойынша баспана құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқан өңірлердің көш басында болуы көңіл қуантады. Соңғы үш жылда облыс орталығында 14 шағын аудан бой көтеріп, мыңдаған қызылордалық жаңа баспаналы қол жеткізілді. Біз сияқты талай отбасыға осындай бақытты сезінуге мүмкіндік бергені үшін аймақ басшылығына ризашылығымды білдіремін.

Бауыржан ӘБІЛДІАЕВ.
Қызылорда қаласы.

НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ: «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТІ БІР ҒАНА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНАН КӨРУГЕ БОЛАДЫ»

3



СЫМБАТТЫ СЫРДЫҢ БЕЙНЕСІ – КҮНҚАҚТЫ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

4–5



2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

6–7



Мәслихат

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 18 сессиясы өтті.

Сессия төрағасының міндетін атқарған облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов күн тәртібіндегі мәселелерді хабарлап, оның алғашқысында «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №157 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі айтылды. Бұл

министрлігі де қолдап отыр. Бұл мектепте білім олимпиадаларында жеңіске жеткен балалар оқиды, ал ауылдан келген балалар жатақханада тұратын болады, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы сонымен қатар, тіршілік негізіндегі тұрақты факторлар үнемі назарда болатынын айтты. Осы орайда бюджетті нақтылау барысында автомобиль жолдары мен

ОБЛЫС БЮДЖЕТІ НАҚТЫЛАНДЫ

ретте облыс әкімі Елбасы Жолдауы мен мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың, сонымен бірге Президент пен Үкіметтің жергілікті атқарушы органдарға жүктеген міндеттерін жүзеге асыру мақсатында облыс әкімінің 2018 жылға арналған іс-қимыл жоспары қалыптастырылып, онда 300-ден астам іс-шара қамтылғанын айтты. Оның ішінде, сондай-ақ, жуырда ғана Елбасы төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмалар да қамтылып отыр. Облыс әкімі 2018 жылды «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болатынын атап өтті. Мұнда жаңа жұмыс орындарын ашу, салық базасын кеңейту, қоғамдық саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету секілді бірқатар мәселелер тұр.

Аймақ басшысы биылғы жылдың алғашқы сессиясында 2018-2020 жылдарға арналған облыс бюджетін барлығы 7,8 млрд теңгеге нақтылау ұсынылып отырғанын мәлімдеді. Бұл қаржы Елбасы Жолдауы мен Үкіметтің жүктеген міндеттері, облыстың басым бағыттарына жүзеге асыруға жұмсалатын болады. Атап айтқанда, экономиканың цифрландыруға – 804 млн теңге, жаппай кәсіпкерлікті қолдауға – 1,1 млрд теңге, Сырдария өзенінің сол жағалауын дамытуға – 784 млн теңге, мемлекеттік жеке әріптестік жобаларға – 296 млн теңге, инженерлік-инфрақұрылымдарды дамытуға 532 млн теңге, басталған құрылыс жобаларын аяқтауға 816 млн теңге бөлінді.

Облыс басшысы сол жағалауды дамытуға бөлінген қаржыдан 300 орындық жатақханасы бар 400 оқушыға арналған физика-математика мектебінің құрылысы жобасын дайындауға қаржы қарастырылатынын жеткізіп, осындай білім ошағын ашудың қажеттілігіне тоқталып өтті.

– Ресейдің жоғары техникалық оқу орындарына, Мәскеу мемлекеттік университетінің қолданбалы математика факультетіне, Татарстанның Иннополис университетіне қызылордалық жастар үшін гранттар бөлінуде. Міне, осы аталған оқу орындарына баратын жастарымыздың білім деңгейін көтеругіз керек. Сол себепті ақылдаса келе Алматыдағыдай физика-математика мектебін ашуды ұйғардық. Бұл жобаны Білім

министрлігі де қолдап отыр. Бұл мектепте білім олимпиадаларында жеңіске жеткен балалар оқиды, ал ауылдан келген балалар жатақханада тұратын болады, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы сонымен қатар, тіршілік негізіндегі тұрақты факторлар үнемі назарда болатынын айтты. Осы орайда бюджетті нақтылау барысында автомобиль жолдары мен

Ыдырыс ТӨЖІҮЛЫ,
«Сыр бойы».

1-бет

– Болашағымыз аталған саламен тығыз байланысты екенін жақсы түсінеміз. Оның үстіне, өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтыған 60 мыңға жуық адамды рәсімдеу міндетіміз тағы бар. Соңғы жарты жылдың өзінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған 16 мыңнан астам адамды есепке алдық. Біз бұл нәтижелермен тоқтап қалмаймыз. Біздің мақсат – шағын және орта бизнестің жалпыөңірлік өнімдегі үлесін 14%-тен 45-50%-ке жеткізу. Бұл бағытта табанды әрі нәтижелі жұмыс істеуге міндеттіміз. Сондықтан 2018 жылды облыста «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялауды ұсынамын, – деді аймақ басшысы.

Жиында білім беру, ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы, тұрғын үй құрылысы салаларындағы жетістіктер, «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» бағдарламаларының орындалуы жөнінде айтылды. Былтыр апатты жағдайдағы үй, мектеп, аурухана ұғымы атымен жойылды. Ендігі кезек осындай күйдегі 20 пәтердің мәселесін шешуге келді. Жалағаш ауданының Шаменов ауылындағы №34 мектепті жерасты суының көтерілуіне байланысты бастан-аяқ жөндеу, Жалағаш кентінде аудандық аурухана салу қажеттілігі де туып тұр. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қармақшы, Сырдария және Жалағаш аудандарының орталықтары жыл соңына дейін газға қосылатынын жеткізді.

Быылғы Жолдаудағы Елбасы тапсырмаларын іске асыру мақсатында сырбылдық делегация жуырда Татарстанның Иннополис, Қытайдың Шеньчжен қалаларында болып қайтқан еді. Цифрлық технологиялар жөнінен әлдеқайда алға озған көрші мемлекеттерден үлгі алатын тұстар көп-ақ. – Заманауи технологиялар бүгінде елдерді табиғи байлықтарымен емес, басқару сапасымен бәсекелесуге әкеп тіргенін айқын. Сондықтан көштен қалмас үшін өзгерістерге уақытылы әрекет ететіндей басқару үлгісін қайта қурау маңызды, – деген аймақ басшысы осы орайда, әсіресе, Мәскеу мен Санкт-Петербургте оқып жүрген Сыр жастарына зор сенім артағынын атап өтті.

Сырдарияның сол жағалауындағы жаңа

Бағдарлама баяны

Елбасының бастамасы болған “Сыбаға”, “Құлан”, “Алтын асық” бағдарламалары төрт түлікті түлетіп, шаруасын дөңгелеңдіремін деген ағайынға зор мүмкіндік. Әсіресе, мүйізді ірі қара малының экспорттық әлеуетін көтеруді көздейтін “Сыбаға” бағдарламасының маңызы зор. Осындай қолдаудың арқасында мүйізді ірі қара малының ет өнімділігін арттырып, еттің құнын арзандатуы, мал басын өсіріп, мал шаруашылығы саласында қосымша жұмыс орындарын ашуды көздеген шаруалардың қатары жылдан жылға артып келеді. Мәселен, аймақта “Сыбаға” бағдарламасы аясында өткен жылы 70 шаруашылық 2507 бас сиыр, 119 бас бұқа сатып алған. Бұл ретте жоспар 119,4 процентке орындалған. Ал, “Алтын асық” бағдарламасы бойынша 11 шаруашылық 1633 бас қой, 167 бас қосқар алынса, “Құлан” бағдарламасы негізінде 673 бас жылқы және 56 бас айғыр сатып алынып отыр.

Сыбағадан өз сыйын алғандардың бірі, Қармақшы ауданына қарасты Т.Көмекев ауылдық округіндегі “Нұрислам” ЖК-сы. Кәсіпкер Нұрболсын Алдамжаров мемлекетіміз ұсынған “Сыбаға” бағдарламасының арқасында өткен жылы “Аграрлық несие корпорациясы” АҚ-дан 13,6 млн теңге несие алды. Нәтижесінде асылтұқымды 4 ақбас бұқа, 80 бас сиыр алған. Қазіргі күні сиырлардың алды бұзаулап жатыр. Шаруа иесі мал басын көбейтіп қана қоймай, алдағы уақытта бордақылау жұмысын қолға алмақ. Сондай-ақ, ет, сүт өнімдерімен өзі орналасқан елді мекенді қамтамасыз еткісі келеді. Одан бөлек, ауыл сыртынан үлкен қоражай салуды жоспарлап отыр. Әзірге қожалықта 4 адам жұмыс жасауда. Шаруашылықтың ауқымы кеңейсе, жұмысшылар санының артатыны анық.

Жалпы өңіріміздің түртіп-түкіріңде Нұрболсындай өз кәсібінің қыр-сырына қаныққан, еңбегінің жемісін көріп отырған

атпал азаматтар қатарының көбеюі көңілге қуаныш ұялатады.

2011 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан бұл бағдарлама бойынша Қармақшы ауданында өткен жылы 5 шаруа қожалығы 42,1 млн теңге несие алған. Яғни бағдарлама аясында 233 бас аналық сиыр, 10 бас бұқа сатып алынып отыр. Сонымен қатар, өз қаражаттары есебінен 5 шаруа қожалығы да ақбас асылтұқымды бұқа алып, тұқымдық түрлендіруге қатыстырылуда. 2017 жылы аудан шаруалары үшін қолайлы жыл болды. Өйткені, аталған бағдарламадан бөлек, ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы барлық ауылшаруашылық кооперативтеріне 600,5 млн теңге несие беріліп, 3206 бас мүйізді ірі қара алынған. Оның ішінде сүт бағытында – 804 бас, ет бағытында – 2402 бас ірі қара. Мемлекет тарапынан көрсетілетін мұндай мүмкіндіктер әрбір шаруаға ыңғайлы жағдай туғызуға. Былайша айтқанда, бой-

ында күш-қайраты бар, қолында барлық құрал-сайманы сақдай сай тұрған, қоражайы түп-түгел шаруа үшін «Сыбаға» бағдарламасының берері көп-ақ.

Ал, “Құлан” бағдарламасы Қамбар ата тұқымын көбейтемін деген жандар үшін жақсы мүмкіндік. Қазіргі күні жылқы ұстап, мал басын асылдандыруға ден қойған шаруалар қатары көптеп кездеседі. Бағдарламаның мақсаты да осы, жылқы асырауды қолға алғандарға қаржылай қолдау көрсету. Әдетте, қасиетті жануарды бағу өзге түліктерге қарағанда өте қиын. Себебі, жаз бойы сыртта жүретін түлікті үнемі бақылауға ұстау керек. Мұндай машақаты көп жұмыс адамнан табандылықты талап етеді. Десе де, жылқы шаруашылығынан табысын еселеп, кәсібин гүлдендіруге қажырлы еңбек етіп жатқан Жосалы кентіндегі “Алмат”ШҚ иесі Нұралдин Шокбаровты айтуға болады. 2009 жылдан бері жылқы мен түйе бағуды кәсіп еткен шаруа

иесі “Құлан” бағдарламасының игілігін көруде. 2017 жылдың басында “Қорқыт елі” несие серіктестігі арқылы 6,7 млн теңге несиеге 2 бас асылтұқымды айғыр, 24 бас бие алса, тамыз айында 14 %-пен 12,3 млн теңге алып, 1 бас түйенің аталығы мен 15 бас аналығын және 2 бас асыл тұқымды айғыр, 24 бас бие алып, түлік санын арттырды. Әзірге санын арттырумен айналысып отырған шаруа болашақта халықты қымыз, шұбатпен қамтуды қолға алмақшы.

Жалпы алғанда елімізде агросекторды дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Біз айтқан жұмыстар бұған бірден-бір дәлел. Мұндай бағдарламалар бар да “Сыбағадан” сый алып, “Құланнан” қолдау тапқандардың қатары ұлғаймаса, азаймайтыны сөзсіз. Сондықтан игі бастама аясында шаруа жұмысы шайқалмаса екен дейміз.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
“Сыр бойы”.



қаладан бой көтеретін Жастар орталығын негізінен IT орталық ретінде жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл Ресейде білім алған жас инженерлердің өңірде орнығып қалуына мүмкіндік береді.

Әкім есебін мұқият тыңдаған кеңес мүшелері пікір білдіріп, жұмысына баға берді. Облыстық мәслихат хатшысы, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы саяси кеңесінің мүшесі Наурызбай Байқадамов өткен жылы өңір басшысының қолдауымен депутаттық корпус ұсыныстарының тең жартысына қуғығы өзектілігі мен кезектілігіне сәйкес шешілгенін тілге тиек етті.

– Облыстық бюджетке 6 рет өзгерістер мен толықтыру енгізілді. Нақтылаулар нәтижесінде 2017 жылға арналған облыстық бюджет 108%-ке өсті. Республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен санамызды серпілтіп, абыройымызды асқатқатар 266 инвестициялық жоба жүзеге асырылды, – деді облыстық мәслихат хатшысы.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы саяси кеңесінің мүшесі, қоғамдық кеңес мүшесі Нұрмұрат Ерманов мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау шараларына, «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім

басшысы, қоғамдық кеңес мүшесі Әліма Әбдіхалықова білім беру жүйесіндегі оң өзгерістерге тоқталып, аймақ басшысының еңбегін ерекше атап өтті.

Одан кейін қоғамдық кеңес төрағасы Самұрат Имандосов кеңестің өткен жылғы жұмысын саралады. Айтуынша, жыл ішінде қоғамдық кеңестің 6 отырысы өткізіліп, онда 10 мәселе қаралды, 71 нормативтік-құқықтық актіге қатысты ұсыныс беріліп, 91 хат тіркеуге алынып, сол бойынша жұмыс атқарылды.

Кеңейтілген отырыстың күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыс әкімінің есебі негізінде қарар қабылданды. Кеңес мүшелері облыс әкімінің 2017 жылғы қызметіне бірауыздан оң баға беріп, 2018 жылға арналған іс-қимыл жоспарын мақұлдады.

Ал күн тәртібіндегі екінші мәселе – 2018 жылды облыс бойынша Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы деп жариялау туралы облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким баяндама жасады. Оның айтуынша, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында аймақта атқарылып жатқан жұмыстар әлі де жандандыруды қажет етеді. Аталған мәселеге байланысты облыстық кәсіпкерлер палатасының

директоры Ғалымбек Жаксылыков та азем тоқталып өтті. Баяндамашының сөзіне қарағанда, соңғы уақытта халықтың бизнес негіздерін үйренуге деген құлшынысы артқан.

– Бүгінде палата жанындағы «Бизнес-кеңесші» курсына азаматтар жыл бұрын жазылып қоюды бастады. Мәселен, өткен жылы аталған курс аясында оқығандар саны межеден екі есе асып түсіп, 1555-ке жетті. Биыл да 800 азаматты «Бизнес-кеңесші» жобасы аясында оқытуды жоспарлап отырмыз. Дегенмен, қазіргі өзінде курсқа 1121 адам жазылып үлгерді, – деді Ғалымбек Жаксылыков.


Жылы қорытындысында кеңес мүшелерінің мақұлдауымен 2018 жыл облыс бойынша «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» ретінде жарияланды. Демек, тұрғындар қолда бар мүмкіндікті орыным пайдалануға ұмтылуы тиіс. Қоғамдық кеңес төрағасы Самұрат Имандосов осы ретте кеңес мүшелерін аймақ басшысының бастамасына жан-жақты қолдау көрсетіп, бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».



Облыс экономикасы мен әлеуметтік сала дамуының кейбір көрсеткіштері

ӨНЕРКӘСІП




АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН



ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТІ БІР ҒАНА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНАН КӨРУГЕ БОЛАДЫ»



2017 жылғы 5 қазан күні Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келді. Елбасы аймақтағы бағдары айқын, болашағы жарқын істерге оң бағасын берді.



Елбасы Қызылорда облысының Астанадағы күндеріне орай «Этноауылда» өткен қорытынды шараларға қатысып, Сыр диқандарының табысына куә болды.



«Байқоңыр инвест» инвестициялық форумы 2013 жылдан бері тоғыз мәрте ұйымдастырылды. Нәтижесінде 123 меморандумға қол қойылып, 265 млрд теңге инвестиция тартылды.



Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған аймақ делегациясы Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барып, бірқатар ірі инвестициялық компаниялардың өкілдерімен кездесіп, әріптестік жөнінде келіссөздер жүргізді.



2017 жылғы Экспо көрмесі аясында «Байқоңыр» космодромына 10 мыңнан астам турист келді.



Астанада облыстың мәдениет күндері табысты өтті.



Қызылорда-Татарстан: Бауырлас елмен байланыс беки түседі.



2017 жылы Қамбаш көлі жағалауында 90 мың адам демалды.

Облыстағы шаруашылықтарда төрт түліктің барлық түрі өсіріледі. Мал басы саны өңір үшін ең жоғары саналатын **1993** жылғы көрсеткіштен асып түсті.



Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері тұңғыш рет малшылар слеті **2015** жылы ұйымдастырылып, жыл сайын өткізу дәстүрге айналды.

Соңғы 5 жылда Аралдағы балық аулау көлемі 4,9 мың тоннадан 8,1 мың тоннаға өсті. Балық өнімдерінің экспорты 8 есеге артты.



Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу жобасының нәтижесінде Арал өңірінің ата кәсібі – балық шаруашылығының дамуына үлкен мүмкіндіктер жасалды. Баяғы игі дәстүр – балықшылар слеті жаңғырды.

СЫМБАТТЫ СЫРДЫҢ БЕЙНЕСІ -

ҚОРҚЫТ АТА КЕШЕНІ ТУРИСТІК НЫСАНҒА АЙНАЛАДЫ

Елбасы өткен жылы облысқа
іссапары барысында қайта
жаңғырған мемориалды
кешенді аралап, музейдегі
жәдігерлермен танысты.



Бала Нұрсұлтанның
Астанаға бару арманы орындалды.



2017 - Қорқыт ата атындағы
ҚМУ – 80 жыл.



Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін
күрбандарына арналған мемориалды
кешен қайта жаңғыртылды.



Түркі
әлемінің
ардақтысы
туған
жерінде
тұғырға
қонды.

Қызылорда қаласында
«Аналар» аллеясы ашылып,
қазақ аналарының құрметіне
ескерткіш қойылды.



МҰСТАФА ШОҚАЙ
(1890-1941)

Облыс
басшысының
Ресейге сапары.
Қазіргі таңда
Сыр өңірінің
452 түлегі Ресей
Федерациясы
Үкіметінің
гранты есебінен
сол елдің жетекші
техникалық
жоғары оқу
орындарында
білім алуда.



2017 жылы облыс түлектерінің 97% ЖОО және
арнаулы орта оқу орындарына түсті.



«Балапан» бағдарламасы мерзімінен бұрын орындалды.



Айзат пен Дәурен
ҰБТ үздіктері



Мәнерлеп сырғанаудан
жасөспірімдер арасындағы
II қысқы Олимпиада
ойындарының қола жүлдегері –
Элизабет Тұрсынбаева



Соңғы 5 жыл көлемінде
апатты және үш ауысыммен
оқытатын мектептер мәселесі
шешімін тапты.

КҮНҚАҚТЫ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ



«Сарыарқа» газы
Сырдан бастау алады.
Қараөзектегі газ компрессор стансасы.



Облыста
шыны зауыты,
молибден комбинаты,
кальцийлендірілген сода
зауыты құрылысы жобаларын
іске асыру бойынша жұмыс
жүргізілуде. Мұның барлығы облыс
экономикасының ауқымын кеңейтіп,
халықтың әл-ауқатын жақсартуға
септігін тигізеді.



Қызылорда мен Байқоңыр
қалалары, төрт аудан орталығының
тұрғындары табиғи газ тұтынып отыр.
Үш аудан орталығына көгілдір отын
2018 жылы жетеді.



Күре жолдағы
керуен сарайлар.



Балалар ауруханасында сапалы медициналық
қызмет көрсетуге жан-жақты мүмкіндік жасалған.



Соңғы бес жылда облыста
2 миллион шаршы метр
тұрғын үй пайдалануға берілді.



Дарияның сол жағалауындағы
1500 гектар аумақта жаңа қаланың
құрылысы басталып кетті.
Келешекте мұнда
90 мыңнан аса адам қоныстанады.



Өткен жылы
халықтың
сұранысын өтейтін
заманауи үлгідегі
жаңа автобус паркі
пайдалануға берілді.





«Абзал және К» – «Алтын сапа» иегері.



Қызылордада бірінші Арал халықаралық тұрақты дамыту форумы өтті. 26 наурыз – «Арал теңізінің күні» деп белгіленді.



Тәуелсіздік алғаннан бері тұңғыш рет 2017 жылы негізгі дақыл – күріштен 500 мың тоннадан астам рекордтық өнім алынып, соңғы 5 жыл ішінде жалпы өнім 1,5 есеге артты.
2017 жылы 84,6 мың тонна күріш экспортталып, 2013 жылмен салыстырғанда 32%-ға артты.




Иранмен әріптестік байланыс жолға қойылды.



Тұрғындарға инфрақұрылым тартылған жер телімдері табысталды.



Құқық қорғау орталығы алғаш рет Қызылордада ашылды.



Достық үйі – ынтымақ дәнекері.



Ел тілегі ескерілді. Қазалыда «Әлсейіт» көпірінің құрылысы басталды.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 12 ақпандағы №1036 қаулысы

2018 жылға арналған Қызылорда облысы әкімінің бірінші кезектегі Іс-қимыл жоспары туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТІДІ:**

1. Қоса беріліп отырған;
2. 2018 жылға арналған Қызылорда облысы әкімінің бірінші кезектегі Іс-қимыл жоспары осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;
- 2) 2018 жылға арналған Қызылорда облысы әкімінің бірінші кезектегі Іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс шаралар жоспары) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін;
2. Іс-шаралар жоспарын іске асыруға жауаптылар:
 - 1) Іс-шаралар жоспарының мұлтіксіз және уақытылы орындалуын;

- 2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін Іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша ақпаратты «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпаратты тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-не дейін «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары К.Д.Ысқақова жүктелсін.
5. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қызылорда облысының әкімі	Қ. Қосербаев
---------------------------	--------------

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «12» ақпандағы №1036 қаулысына қосымша

2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

2018 жылға арналған Қызылорда облысы әкімінің бірінші кезектегі Іс-қимыл жоспарының (бұдан әрі – Іс-қимыл жоспары) мақсаты, басымдықтары және міндеттері 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауына, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларға, 2020 жылғы дейін Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясына, сонымен қатар, ағымдағы экономикалық жағдайға сәйкес айқындалды.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың «стратегиялық факторы» ретінде кәсіпкерлік қызметті жандандыруға қолайлы жағдай жасау мақсатында 2018 жыл жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы болып жарияланады, бұл өз кезегінде:

- жаңа жұмыс орындарын құруды;
- салық базасын кеңейтуді;
- қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауды қамтамасыз етеді.

Бірінші кезектегі Іс-қимыл жоспарының негізгі басымдықтары болып:

- «Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуындағы 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірінші бағдарламасы», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» және тағы басқа үкіметтік және аумақтық бағдарламаларды іске асыру аясында облыс кәсіпкерлерінің мемлекеттік қолдау шараларын алуына ықпал ету;
- оларды көпкөлемді бизнестен шығару арқылы кәсіпкерлердің базалық санын арттыру;
- жұмыссыз ретінде жұмыс іздеп жүрген және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды нәтижелі жұмыспен қамту арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
- көлік және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды модернизациялау (сол жақ жағалауды қамтау және т.б.);
- экспорттық өндірістердің дамуына скпін бере отырып, экономиканы индустрияландыру;
- агроеркерсін кешенін дамыту, оның ішінде ауыл-шаруашылық өнімдерінің экспортын ұлғайту;
- бірінші кезектегі тауар бағаларының және коммуналдық қызметтер бағаларының шарықтан кетуінің алдын алу;
- экономиканы цифрландыру (мемлекеттік қызмет сапасын арттыру);
- аламат капиталды дамыту (білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет, жастар саясаты, қоғамдық тәртіп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және т.б.);
- жобалық менеджментті дамыту аясында жобаларды жүзеге асыру;
- халықаралық қаржы ұйымдары және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы тікелей инвестицияларды тарту анықталды.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС



Кәсіпкерлікті әрі қарай дамыту мақсатында:

- жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды, микро, шағын және орта бизнес субъектілерінің кәсіпкерлікті дамытуға қатысты мемлекеттік, үкіметтік және аумақтық бағдарламаларға тартуды қамтамасыз ету;
- 2018 жылға жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша Аймақтық бірінші жол картасын әзірлеп, жүзеге асыру;
- мемлекеттік бағдарламалар аясында көзделген шағын несиелендіру құралдарын пайдалану, отырлар, аударлар мен қалаларда кәсіпкерлікті дамыту үшін, әсіресе, кәсібін бастағандар үшін шағын несие ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- кәсіпкерлікті дамыту бойынша «Атамекен» кәсіпкерлердің ұлттық палатасымен, «Қызылорда Аймақтық Инвестициялық Орталығы» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, «КазАгро» ҰБХ» акционерлік қоғамының қаржы институттарымен және басқалық кәсіпкерлікті қолдаудың қаржы институттарымен қарым-қатынасты жалғастыру;
- «Қазақстекмо» акционерлік қоғамымен бірлесіп облыс әкімдігінің «Ситуациялық орталығына» «Бизнес үшін ашық цифрлық платформа» бағдарламасын (ismet.kz) енгізу;
- жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін жылжыту, инвесторлар мен әріптестер тудеу мақсатында Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Ақтөбе облыстарында Қызылорда облысының тауар өндірушілерінің Road Show (көшіпел танымтасырылым) өткізу;
- жастардың және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауды қамтамасыз ету;
- жергілікті атқарушы органдардың, бизнес қауым өкілдерінің көмегімен кәсіпкерлерді саласындағы өзекті мәселелерді талқылауды ұйымдастыру;
- облыс орталығында заманауи форматтағы сауда нысандарын құру жұмыстарын ұйымдастыру;
- «Байқоңыр» кешенінде туризмді дамыту;
- Қызылорда облысының аймақтық туристік брендин әзірлеу;
- «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автоматизіраілінің бойын сервистік объектілерін дамытуды жалғастыру;
- жалпы өндірік өнімдегі шағын және орта бизнес үлесін 14,8 пайызға дейін ұлғайту бойынша шаралар қабылдау;
- «Өнәй» жерінде ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында кәсіпкерлерге арналған «OPEN KASPIRKE» chat-бот құру.
- Бизнес – ортаны жасқарту және ұлғайту үшін: инженерлік желілерге рұқсат құжаттарын және техникалық шарттарды электронды түрде ұсыну бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайын ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі 2018 жылға арналған Медиа жоспарға сәйкес қолданыстағы бағдарламалар аясында мемлекеттік қолдаудың құралдарын мен тетіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын кел көлемде ұйымдастыру;
- кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы арқылы консалутациялық және сервистік қызметтер көрсету.

Жұмыссыздық деңгейін 4,8 пайыздан асырмау бойынша шаралар қабылдау.

Нәтижелі жұмыспен қамтуға азаматтарды тарту үшін барынша мүмкіндіктер ұсыну үшін:

- кем дегенде 1600 адамға еңбек нарығындағы қажеттілігі бар мамандықтар бойынша қайта даярлау және қысқа мерзімді курстарда кәсібін дағды алуға мүмкіндігі ұсыну;
- жұмыссыздардың ішінен әлеуметтік жұмыс орындарына кем дегенде 419 адамды, жастар тәжірибесіне 1212 және қоғамдық жұмыстарға 6400 адамды бағыттау;
- кем дегенде 10 мың тұрқты жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал жасау;
- хабарласқан нысаналы топтардың ішінен тұрқты жұмысқа орналасқандар үлесінің 47,1 пайыздан кем болмауын қамтамасыз ету;
- өндірісті қажетті мамандықтар бойынша аса қамтылған отбасынан шыққан студенттерді оқыту үшін әлеуметтік көмек көрсету;
- зәңнамалармен көзделген барлық әлеуметтік төлемдердің уақытылы және толыққанды төлеуін қамтамасыз ету;
- әлеуметтік келісімшарт негізінде жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек алатын өңірлік қабілетті отбасы мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен қамтамасыз ету;
- Қызылорда облысы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған «Бейресми жұмыспен қамтылған халықтың әлеуметтік қолдау және мүлдетті медициналық сақтандыру жүйесіне тарту» Жол картасының жүзеге асырылуы қамтамасыз ету;
- 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап көмектеге толған, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектерді бағыт отырған ата-аналар үшін қосымша мемлекеттік жәрдемханың енгізілуіне байланысты қажетті жұмыстарды жүргізу;
- мемлекеттік саптып алу тапсырыштарымен тауар өндіретін немесе жеткізетін, жұмыс атқаратын, қызмет көрсететін мүгедектердің қоғамдық ұйымдарымен қырылған мүгедектердің қоғамдық ұйымдарын қолдауға қатысты мемлекеттік саптып алу туралы зәңнамаларды сақталуына мониторингі қамтамасыз ету;
- нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету;
- жұмыспен қамту орталықтарын трансформациялау және «Электрондық еңбек біржасы» интернет ресурстарына өту;

2018-2019 жылдарға арналған «Бейресми жұмыспен қамтылған халықты заңдастыру бойынша Жол картасының» жүзеге асырылуын;

модернизациялау нәтижесінде қызметкерлер санының өзгеруі мүмкін облыстың әрі кәсіпорындарындағы қызметкерлерінің ағзын басқару Жол картасының жүзеге асырылуын;

